В данной статье автор анализирует проблему воспитания в трудах ученого - педагога М.Дулатова.

Summary

In given article author analyses problem ot the household education in works taught, teacher М.Дулатова.

ӘОЖ 796.83

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ҚАЗАҚТЫҢ ЭТНОМӘДЕНИЕТІ НЕГІЗІНДЕ

Б. А.Сабденова -*оқытушы,*
Б. Ө.Смаилова - *магистр,*
Б.Б.Атабекова - *магистр*
Дене мәдениеті теориясы мен әдістеме кафедрасы

Егеменді қазақ мемлекеті ұрпақтарының ұлттық сана-сезімін атамұра дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу – қазіргі күннің ең өзекті мәселесі. Қай заманда болмасын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатыны хақ. Қазақ халқының және басқа ұлт өкілдерінің жеке тұлғаны тәрбиелеудегі тәжірибесі әртүрлі. Осы тұрғыда әр ұлт өзінің тәлім-тәрбиесін ата-баба дәстүрі мен ұлы ғұламалар, ойшылдар, жыршы, жырауларының ой-пікірлеріндегі жеке тұлға тәрбиесінің негізін ала отырып, ұлттық ерекшеліктерін өз ұрпақтарының бойына сіңіріп, елін туған жерін сүйетіндей етіп тәрбиелеген.

Бүгінгі таңда еліміздегі жоғары білім алушы студенттерінің кәсіби тұлғасын қалыптастыруда қазақтың этномәдени құндылықтары арқылы оларға патриоттық тәрбие берудің көкейкестілігін бұрынғыдан да арттырып отыр. Мемлекеттік деңгейдегі мұндай жоғары талаптар негізіндегі қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық негіздегі патриоттық тәлім-тәрбиелік дәстүрлерін, мақал-мәтел, әдістемелік құралдарын жинақтап, педагогикалық мүмкіндіктерін анықтап, оны бүгінгі тәрбие үдерісінде пайдалану – уақыт талабы.

Жас жеткіншек ұрпаққа ұлттық мұралардың негізінде патриоттық тәрбие беру ісі ғылыми тұрғыдан талданып, зерттеудің көкейкестілігі түрлі тарихи кезеңдегі философиялық, қоғамдық, әдеби, педагогикалық ой-пікірлерден бастау алып, бүгінгі ғылыми педагогикалық салалары: мектеп педагогикасы, этнопедагогика, кәсіби педагогика зерттеу нысандарына айналып отыр.

Патриотизм идеясы сонау Аристотель мен Платон, кейін педагогика тарихында Д. Локк шығармаларынан бастау алса, жастарға патриоттық тәрбие беру мәселесі кенес педагогтары Н.К.Крупская, А.В.Луначарский, А.С.Макаренко, В.А. Сухомлинский және т.б.

Кейін әскери-патриоттық, интернационалдық тәрбие беру мазмұны, оның әдістемесі мен құралдарын жетілдіруге арналған ТМД /Н.И.Болдырев, А.В.Мудрик, Г.Н.Монозсон,т.б./ және Қазақстаннан /С.Есімханов, А.Ахметов, Е.Жұматаева, Д.Құсайнова, т.б./ ғалымдарының зерттеу еңбектері жарық көрді.

Аталған авторлар еңбектерінің мазмұнына жасалған талдаулар нәтижесі зерттеулердің басым бөлігі мектеп оқушыларына ғана патриоттық тәрбие беру проблемасын түрлі бағыттарда қарастырып, негіздеуді мақсат еткен деген тұжырым жасауымызға жетеледі.

Өйткені, қай салада болмасын, өз мұрасын, дәстүрін, адамгершілік сапаларын бойына сіңіріп, меңгермеген маманнан отанын, елін, жерін, халқын сүйіп, ата салтына деген аялы қатынасты талап ету мүмкін емес. Ал бүгінгі әділетті қоғам маман қызметкерлерін кәсіби тұрғыдан даярлауда, оларға арнайы кәсіби білімдер беріп, іскерлік, дағдыларды қалыптастырып қана қою жеткіліксіз. Себебі бүгінгі студент – ертенгі педагог маман ең алдымен құқылы қоғамның белді мүшесі, ізгілікті және азаматтықты жоғары сатыға көтеруші әлеуметтік – педагог. Демек, студент бүгінгі жоғары оқу орнында білім алу барысында – тәрбие процесін өз халқының тарихын, мәдениетін меңгеріп, терең танып рухани мұрасына қанықпайынша, оны қадірлеп өспейінше Отандық патриотизмді бойына сіниіре алмасы анық.

Қазіргі біздің қоғамда патриоттық сананы «ұлттық – этникалық», «жалпыадамзаттық» және «әлеуметтік» үш түсінік құрайды /2, 11/.

Осы үш ұғымның ішінде біздің тақырыпқа негіз болып отырғаны ұлттық – этникалық патриоттық сана, ал ол - әр қазақстандық азаматтың Отанға, елге, ұлт мәдениетіне, тіліне деген сүйіспеншілігімен қатар ұлттық аброй, намыс, ұят деген қасиетті ұғымдардың санада қалыптасуы.

Осындай жастардың ұлттық – этникалық негіздегі патриоттық ұғым – түсінігінің тереңдеуінде таным мен тәрбиенің қайнар көзі тарихи қалыптасқан педагогикалық мәдениетіміздің меңгертіліуі үлкен педагогикалық әрі қоғамдық - әлеуметтік рөл атқармақ.

Халықтық педагогикалық мұрамыздың қайсы бірін алып қарамайық, потратизмге, ел жандылық идеяға бай этикалық нормалар мен қағидаларға толы. Мәселен студенттің түрлі тәрбие шараларында / кештер, сайыстар, т.б./ халқымыздың тәрбиеге қатаң талап коюшылық, ар, намыс, ұят ұғым түсініктермен таныстыру қажет.

Халықтық тәрбиедегі ар, намыс ұғымдарына тоқталатын болсақ, ол – жалпы халыққа, ұлттық және жеке адамға тән рухани күш.

«Малым – жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген қағидамен өмір сүрген қазақ халқы – ежелден бері ар-намысын ту қылып биік ұстаған өжет те өр халық. Қаз дауысты Қазыбектің «Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз», «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт – береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз» деген сөздерді досына адал, жауына айбынды қазақ халқының шынайы мінездемесі іспеттес.

Халықтың да, адамның да көздің қарашығындай сақтайтын қымбат қазынасы – ары мен намысы. Демек, намыс, ар – ұят сияқты халықтық асыл қазынаны жоғалтпай жастар санасына сіңіре беруіміз керек. Намыстың бастауы, яғни бір көрінісі – адамның туған елін, халқын, жерін, Отанын сүюі.

Жоғары оқу орындары студенттеріне жоспарланған түрлі тәрбие жұмыстарын жүргізуде ұтымды пайдаланылған халықтық рухани мұраның бір бөлігі – мақал-мәтелдердің де тәрбиелік мүмкіндіктері мол.

Мақал-мәтелдер – ойға ой қосатын, тілге икемді, сөз мәйегі. Белгілі ақын, әдебиетші М. Әлімбаев сөзімен айтқанда «Мақал-мәтелдер – халықтың моральдық кодексі, тәрбие қағидасы, атаның артындағы ізбасарына қалдырған өнегелі өсиеті» \3,10\. Қазақ мақал-мәтелдерінің тақырыбы сан алуан.

Өз елін туып - өскен жерін адалдықпен сүюі, ерлік пен қорғай білуі әр азаматтың борышы, ардақты міндеті болып саналады. Осы идея қазақ мақал – мәтелдерінде өзекті орын алған. Оны «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Туған жер – алтын бесік», «Туған жерге туың тік», «Ер жігіт үйде туып, түзде өлер», «Ер – елінде, гүл жерінде», « Ердің өзіне қарама сөзіне қара» деп келетін т.б. мақал – мәтелдерден көруге болады. Кең сахарасын ғасырлар бойы найзаның ұшы, білектің күшімен қорғаған қазақ халқы жас ұрпағын ерлікке, батырлыққа патриоттыққа ерте баулуды мақсат еткені осы мақал–мәтелдерден анық аңғарылады. Қазақ мақал–мәтелдеріндегі батырлық, ерлік, туған жер, ел жөніндегі даналық ойлар болашақ мамандардың нағыз патриотизмдік сезіміне қозғау салса, ал қазірде « өз жалқаулығымен» көзге түсіп жүрген кейбір жастарға «Жалқауға жалақы бермей, ұйқы берген. Жаманға ақыл бермей, күлкі берген». «Алтынды еріте білген – жігіттер, теріні илей білмеген – мігіттер» деген ой иірімдері арқылы сын айтып, оларды Отан игілігі үшін ерінбей еңбек етуге жетелейді.

Саралап қарасақ, халық мақал – мәтелдеріне арқау болмаған тәрбие саласын кездестіру қиын. Бұдан халқымыздың өз ұл – қызына жан – жақты, жүйелі тәрбие беруді мақсат тұтқаны, ұрпақ тәрбиесінің ешбір қырын көзден таса қылмағаны аңғарылады.

Міне осындай ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделген патриоттық тәрбие тек мақсатты әдістемеге құрылған педагогикалық жүйе арқылы жүзеге аспақ. Арнайы құрылған тәрбие жүйесі арқылы студенттер ғылыми-практикалық педагогикалық білімдер мен мазмұнды үйлесім тапқан болашақ мамандар халықтың елжандылық ұғымдарымен терең танысу арқылы өзінің кәсіби педагогикалық білігін жетілдіріп, арттыра алады. Сондай-ақ студенттердің кәсіби бағдарының қалыптасуына ұтымды қолданылған халықтық педагогикалық мұрамыз олардың өмірге қажетті моральдық-ерік сапаларының орнығып қалыптасуына және жоғары деңгейдегі патриоттық сезімінің өз Отаны алдындағы міндеті мен борышын адал атқаруға деген көзқарасының қалыптасуына мақсатты ықпал етеді.

1. *Әбиев С., Құдиярова А.., Бабаев Б.. Педагогика. – Алматы: Ғылым, 2006.*
2. *Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы.-Алмыты: Рауан, 1998.*

3. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. –Алматы., Рауан,1994.
4. Бахтиярова Г.Р. Халық тағлымы –тәрбие қайнары. –Алматы., 2002.

Резюме

В данной статье рассмативается проблема патритического воспитания студентов в вузе через этнопедагогическую культуру казахского народа.

Summary

The students of law college's problems of patriotic education are discussed in this article by means of traditions of pedagogical culture.

СЕМЕЙНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБРАЗОВАНИЕ В КОНТЕКСТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

Р.К. Бекмагамбетова –
д.п.н., профессор КазНПУ имени Абая

Модернизация национальной системы образования невозможна без активного участия семьи в образовательном процессе. В настоящее время это одна из острых проблем практической педагогики.

На современном этапе семья не вовлечена в полной мере в образовательный процесс, особо следует отметить, что существует разобщенность семьи и образовательных учреждений в воспитании и обучении подрастающего поколения.

На наш взгляд, одной из причин такого положения является то, что в обществе долгие годы существовало мнение, что школа, как институт государства, руководит семейным воспитанием и контролирует его, игнорировалось партнерство, сотрудничество.

Сегодня парадигма личностно – ориентированного образования предполагает иное отношение между образовательными учреждениями и семьей.

Семья должна стать одним из важных субъектов образовательной политики. Сегодня как никогда остро стоит проблема социальной ответственности семьи за воспитание и обучение подрастающего поколения, так как семья является основным инструментом взаимодействия личности и общества.

Образовательные учреждения и семья должны сегодня стать партнерами. Настало время, когда родители должны нести ответственность за формирование личности ребенка, за результат образовательного процесса и качество образовательных услуг, участвовать в управлении и выработке стратегии развития учебных заведений.

Ни образовательные учреждения, ни семья в отрыве друг от друга не смогут полноценно реализовать задачи воспитания подрастающего поколения.

Необходимость сотрудничества с семьей связана с тем, что в жизни каждого человека семья занимает особое место.

В семье ребенок усваивает нормы общежития, нормы человеческих отношений, именно в семье получает уроки добра и зла.

В семье формируется отношение ребенка к внешнему миру, а также в семье он получает опыт моральных норм поведения.

В семье закладываются основы личности. То, что ребенок в детские годы приобретает в семье, он сохраняет в течение всей последующей жизни. Важность семьи как института воспитания обусловлена тем, что в ней ребенок находится в наиболее значимый период своей жизни, и по силе и длительности своего воздействия на личность ни один из институтов воспитания не может сравниться с семьей.

В связи с этим проблема семейного воспитания и ответственность родителей на сегодняшний день является одной из главных забот государства, ибо будущее нашей страны зависит от того, каким придет на смену новое поколение. Именно поэтому сегодня проблема семейного воспитания должна получить свое новое звучание.

Следует отметить, что в этом плане уже немало сделано в нашем государстве:

- увеличены ежемесячные пособия по уходу за ребенком до одного года;
- стимулируется рождение 4-го ребенка и более детей в семье.